

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 163 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 5 сәуірдегі  
№ 163 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау және Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкімен байланыс арнасын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысында:

1-тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Ерболат Асқарбекұлы Досаев (келісім бойынша),";

2) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов,";

3) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов,

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Мәди Төкешұлы Тәкиев,";

4) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов,";

4-1) тармақшаның екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқарушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов,

Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Аманияз Қасымұлы Ержанов;"

2. "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үнтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 1194 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Үнтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестіруші болып Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Мәди Төкешұлы Тәкиев тағайындалсын."

3. "Еуразия даму банкінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 27 қаулысында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Мамин Еуразия даму банкінің кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі;

2) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов Еуразия даму банкінің кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілінің орынбасары болып тағайындалсын."